

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19675718 «Ясауи мұрасына жаңа көзқарас: қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихындағы «әулие» феноменін кешенді зерделеу»
Жоба өзектілігі	Көптеген елдердің экономикалық «кереметі» мен халықаралық серпілісінің («азиялық төрт жолбарыс» т.б.) алдында халықтың моральдық-психологиялық жағынан жұмылуы орын алғаны белгілі. Жаңа Қазақстан ой-тұжырымы аясында ұлттың мәдени кодын жандандыру мәселесі өзекті болуда. Қазақ руханиятының ең басты маркері – әулиелер мен даналарға тағзым ету болып табылады. Жобада сакралды тарихты зерттеуде тұлғаның жұмбақ бейнесі тасада қалып, негізгі акцент материалдық-кітаби мұраға жасалып келгенін ескеріп Әулие феноменін жаңа тұжырымдамалық негізде зерделеу жоспарлануда. Ясауи мұрасы антропологияның қазіргі заманғы дискурсына кіріктірілетін болады (Кен Уилбер, Мэслоу, Гроф және т.б.). Жоба аясында алғаш рет ғылыми негізде әйел діндарлығы мәселесі көтеріледі.
Жоба мақсаты	Ясауи мұрасын реинтерпретациялау бағытында әулие феноменін қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихы аясында кешенді зерделеу.
Жоба міндеттері	1. Жергілікті исламдағы киелі тұлғаларды құрметтеу дәстүрі қалыптасуының тарихи алғышарттарын және оның әр кезеңдердегі ерекшеліктерін, оның қалыптасуындағы сопылықтың (тасаууф) рөлін, қазақтардың этномәдениеті, қожалар, шежірелермен байланысы мәселелерін зерттеу; 2. Исламтану мен түркітанудың жаңа үрдістерін, түрлі көзқарастарды салыстыру мен интеграциялау арнасында «әулиелерге табынудың» (дұрысы: тағзым ету) мазмұнын шаманизм емес, дәстүрлі түркі-ханафилік исламның индикаторы ретінде анағұрлым тереңірек қарастыру және теориялық тұрғыдан қайта зерделеу; 3. «Әулие», «кие», «аруак», кәміл адам» және т.б. категориялар мен терминдерді анықтай отырып, Ясауи тұлғасы мен көптеген рухани аскеттерді киелендірудің теологиялық, психологиялық алғышарттарын зерттеу; 4. Белгіленген әдістерге байланысты жергілікті исламның қаһармандары, әулие әйелдер туралы тарихи-этнографиялық ақпаратты киелі географиямен, қазақ фольклорымен және көшпенділердің дүниетанымымен тығыз байланыста зерттеу; 5. Орталық Азияның ортағасырлық сопылық агиографиясын, «тазкира» (әулиелер өмірі) жанрындағы парсы және түркітілдес шығармаларды әулие бейнесін қайта жаңғырту, өзін-өзі жетілдіру, сопылық эзотеризм мәселелері тұрғысынан зерделеу; 6. Қазақстанның әсіресе оңтүстік өңірлерінің және шектес өңірлердің, ең алдымен Өзбекстанның зиярат объектілері туралы мәліметтерді әулиелер, ишандар тұрғысынан жүйелеу, бұл жергілікті исламның ерекшеліктерін және оның өңір халықтарының интеграциясындағы рөлін нақтылауға мүмкіндік береді; 7. Діни зиярат объектілерінің (мешіт, мазарлар, үңгірлер және т.б.) белгілі бір киелі тұлғамен (немесе әулиелер қауымдастығы) байланыстылығын нақтылау. Осыған

	<p>байланысты зиарат, зікір рәсімдері, аскеттік тәжірибе ерекшеліктерін, сопылардың табиғатқа қатынасын, елдің әлеуметтік процестеріне ықпалын, киелі адамдардың кітаби-жазбаша мұрасын зерттеу; 8. Әртүрлі дәуірлердегі әулиелер, соның ішінде ишандар, дәруіштер, пірлер, дуаналар, бақсылар (бахши) туралы далалық этнографиялық зерттеулердің, архивтік және теологиялық дереккөздердің жаңа материалдарын ғылыми айналымға енгізу, соның ішінде, әсіресе емшілік тәжірибесіне, оның құпияларына,</p> <p>тәрбие мен білім беру ерекшеліктеріне, адам психикасының бейсаналы салаларын игеру тәжірибесіне, сананың ерекше ахуалына қол жеткізуге, дарынды дамытуды зерделеуге баса назар аудару; 9. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру, ғылыми деректерді қорыту және синтездеу негізінде Әулие феноменінің неғұрлым толық және қазіргі заманғы түсінігін тұжырымдау. Ясауи мұрасын тұлғаның рухани трансформациясы (өзгеріске түсуі), өзін-өзі ашу жолдары, холистік дүниетанымға қол жеткізуі туралы қазіргі заманғы пәнаралық ғылыми жүйеге интеграциялау.</p>
<p>Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер</p>	<p>Жобаны іске асыру әулие феномені туралы заманауи білімді ұсынуға, Қожа Ахмет Ясауи мұрасын заманауи ғылыми-философиялық білім жүйесіне кіріктіруге мүмкіндік береді. • Әулиені қастерлеу ғұрпының генезисінің тарихи, теологиялық алғышарттары анықталады, тасаууфты (сопылық), қазақ этномәдениетіндегі модификацияларды, қожалармен, қазақ шежірелерімен байланыстарды ескере отырып, зерттеу объектісінің тұтас, жергілікті діни дәстүрге сәйкес көрінісі ұсынылады. • Кеңестік, посткеңестік теорияларды, заманауи исламдық дискурсты сыни қайта ойластыру арқылы «әулиешілдікті» мұсылмандық-сопылық маркер ретінде бірегейлендірудің негізгі тәсілдері айқындалатын болады, бұл қазақтарды исламдандыру тұжырымдамасын нақтылауға ықпал етеді. • Рухани тәжірибелер эволюциясы мен киелі нысандар тарихы контекстінде Ясауи, Бахауддин, Машһүр-Жүсіп және басқа да әулиелер тұлғасының сакралдануы көрініс табатын болады. Әулиеге көзқарас тұрғысынан олардың жазбаша-кітаби мұрасы Өзбекстанның Шығыстану институты қолжазба қорынан, Стамбулдың кітап қоймасынан араб, парсы, шағатай тілдеріндегі агиографиялық және басқа да жазба дереккөздері зерттеліп, жаңа мәліметтер мен фактілер ғылыми айналымға енгізіледі. • Орталық Азия тарихындағы сопылық аскетизмді, қылуат, зікір және т. б. рухани тәжірибелерді пәнаралық тәсілмен қалпына келтіру жүзеге асырылады; әулиелер иерархиясы, сопылықтың «кереметтері», түркі ортасындағы «жергіліктенуі» туралы теологиялық және теософиялық идеялар; әйел діндарлығының рөлі, әулие аналар туралы аңыздар мен мифтердің тууы зерттеледі. • Алдыңғы нәтижелерге байланысты Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан өңірлеріндегі зиараттың, ғибадаттардың, ислам дінін таратушы мен сакралды нысандардың (ханака, мазар, мешіт және т.б.) өзара</p>

байланысының ерекшеліктері зерттеледі; діни туризмді жандандыру проблемалары белгіленеді. • Далалық зерттеулер, архивтік және т.б. дереккөздер негізінде әртүрлі дәуірлердегі әулиелер, ишандар, дәруіштер, пірлер, дуана, абыз, бақсы, тәуіптер және т.б. тарихы қалпына келтіріледі; сопылық және сопылыққа жақын медицина, хикметке (даналыққа) жету жолдары, тәрбиелеу мен оқыту, саяхаттаудың, психологиялық білімнің, қоғамдық өмірге қатысудың құпиялары заманауи тұрғыдан зерттеледі. Ясауитанудағы олқылықтары толықтырылады, қарама-қайшылықтар мен пікірталасты тұстар ғылыми негізде шешіледі. Зерттеу нәтижелері бойынша жетекші авторлар шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда 1 (бір) мақала жариялайды (болжам бойынша Milli Folklor журналында, процентиі - 50; CiteScore 2021 0.3, квантиль Q4). Сондай-ақ, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық журналдарда 3 ғылыми мақала жарияланады. 2 көлемді ғылыми басылым дайындау жоспарлануда: а) «Ясауи және Әулие феномені Орталық Азия тарихында» ұжымдық монографиясы, б) «Ортағасырлық Қазақстанда исламның таралуы және сопылық рөлі» оқу құралы. Ұлттық зияткерлік меншік институтынан (ҰЗМИ) «Ясауи және Әулие феномені» ұжымдық еңбегіне авторлық куәлік алынады. Ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу жоспарланбайды, өйткені зерттеу гуманитарлық ғылымдар саласында жүргізіледі. Жобаны іске асыру нәтижелерін әлеуетті тұтынушылар арасында тарату халықаралық және республикалық конференцияларға, ғылыми форумдарға қатысу формасында жүзеге асырылатын болады. Қолдану саласы: ғылым, конфессиялық саясат, мемлекеттік идеология, туризм, халықаралық қатынастар. Ясауи бойынша әзірлемелердің мақсатты тұтынушылары Түркістан қаласындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, жалпы университеттердің гуманитарлық факультеттері болады; ортағасырлық дерек көздері бойынша – ҚР және ӨР Шығыстану институттары, Халықаралық Түркі академиясы тарапынан сұранысқа ие болады; ишандар мен ислам мұрасы Мұфтият үшін пайдалы деп күтіледі. Жергілікті мәдениеттердегі әйелдің рөлі, Өзбекстанмен байланыстар туралы ғылымға енгізілмек жаңа мәліметтер мен теориялар әйелдердің қауымдастықтарын, сондай-ақ халықаралық ұйымдарын, ТҮРКСОЙ, ЮНЕСКО-ны, дипломатиялық органдарды қызықтыруы керек. Орталық Азия тарихы контекстінде алынған пәнаралық білім тарих ғылымының дамуына (рухани мұра, әулиелер, тарихи дербестілік, сананы жаңғырту), сондай-ақ исламтану, түркология, психологияны қоса алғанда, шектес бағыттар мен ғылымдардың дамуына ықпал етеді. Жаңа әдістемелер мен материалдар негізінде жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау үшін университеттерге арналған дәрістердің жаңа курстарын әзірлеу жоспарлануда. Әзірленген ережелер мен әдістемелердің «Жаңа Қазақстан» концептіне байланысты сын-қатерлерді ескере отырып, идеологияны қамтамасыз ету, бірлікті насихаттау, ділді сауықтыру проблемалары аспектісінде коммерцияландыру әлеуеті бар. Заманауи форматқа интеграциялау жағдайында психокоррекция саласындағы суфизм

	<p>негіздерін білім беру сайты және қиын балалармен, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеу үшін мазмұны бойынша анағұрлым дәстүрлі орталықтар ашу арқылы ойдағыдай коммерцияландыруға болады. Әйелдердің діндарлығы, Ясауи жолы туралы ғылыми ақпарат бәсекеге қабілетті болады деп күтілуде (мысалы, Әзірет Сұлтан туралы көркем фильм түсіру үшін). Әлеуметтік-мәдени, экологиялық және саяси әсер ғылыми-практикалық ұсыныстарға деген мемлекеттік органдардың, мұражайлардың, мешіттердің, әйелдер мен туристік ұйымдардың сұранысымен байланысты. Жалпы, проблеманы табысты зерттеу, Ясауидің даналығы туралы қазіргі заманғы интегралды білім қазақстандық қоғамның руханият, толеранттылық деңгейін арттыруға, терроризм мен экстремизмнің алдын алуға көмектесуге тиіс. Табиғатқа сопылық көзқарас, киелі нысандар және зиарат бағыттары туралы ақпарат экологиялық мәдениеттің артуына жанама әсер етеді. Саясат пен дипломатияға әсер ететін факторлардың бірі ретінде біз Орталық Азияның, оның барлық халықтарының – қазақтардың, ұйғырлардың, өзбектердің, қырғыздардың және т. б. рухани бірлігі туралы жаңа фактілердің таралуын қарастырамыз. Жобаны іске асырудың әлеуметтік-білім беру бойынша әсері ғылыми-зерттеу саласына жас ғалымдарды, докторанттарды, магистранттарды және студенттерді тартуды жандандыру, дәйексөз алу индексі жоғары халықаралық журналдардағы жарияланымдар арқылы отандық ғылымның рейтингісін көтеру болып табылады.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>1. Нуртазина Назира Даутбековна, тарих ғылымдарының кандидаты, Индекс Хирша – 1, Scopus Author ID 55835604400; ORCID 0000-0001-9322-8968</p> <p>2. Кенжетаев Досай Турсынбаевич, теология ғылымдарының докторы</p> <p>3. Картабаева Ерке Тамабековна, тарих ғылымдарының кандидаты, Индекс Хирша – 1; Scopus Author ID 56227357400; ORCID 0000-0002-2565-1876</p> <p>4. Әкімбек Жәнібек Алтынбекұлы, докторант, https://orcid.org/0000-0001-5757-4687</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>